**Бекітемін:**
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:_____________ Ж. Балгабаева**
**10 сәуір 2026жыл**

Білім беру ұйымы "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Құлпынай" мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастан
Педагогтың аты-жөні : Утегенова Г.Ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сәуір айы 2026 жыл 3 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.04.2026 ж | Сейсенбі 14.04.2026 ж | Сәрсенбі 15.04.2026 ж | Бейсенбі 16.04.2026ж | Жұма 17.04.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **«Қауіпсіз – Қауіпті»**<br>Баланы қауіпті және қауіпсіз заттарды ажыратуға үйрету.<br>Балаларға заттардың суреттері (пышақ, сіріңке, электр тоқ розеткасы, жұмсақ | «Өлі табиғат.<br>Судың қасиеті»<br>**Мақсаты:** Судың қасиеттерін анықтайды.<br>Судың қатты күйі яғни мұзға айналуын және судың әр түсті түске бояуына көз жеткізеді. *(қоршаған* | Табиғат пен тіршілік<br>Көк түтінге тұншығып<br>Аяқастытапталып<br>Жатырқаншагүлсолып<br>Ей<br>адамдаркүнменгүлденжаралға<br>н<br>Табиғаттыаялаңдар, | Көленкесіне қарай жеміспен – көкеністерді орналастыр» Балалар ойлау қабілеттерін дамытады.<br>*(қоршаганортаментаныстыру)* | «Құм, тас, су. ойларын ойынмен ұштастыра отырып,шапшаңдыққа тәрбиеленеді.<br>**Барысы:**Балалар «құм» дегенде әр жерде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншық, алма, кітап) көрсетіледі.Балалар оларды «қауіпсіз» және «қауіпті» деп екі топқа бөлуі керек.Дұрыс жауап үшін жұлдызша беріледі.**Қауіпсіздік ережелері** | *ортамен таныстыру)* | Мәпелеңдербалалар! Сендердіңкамқорлықта. *(қоршағанортаментаныстыру)* | | шашыраңқы болып отырады.. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін қимылмен көрсетіп жасап тұра қалады, «су» дегенде толқын жасап қозғалады.» *(қоршаған ортамен таныстыру)* |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттыруымен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Тіл дамыту**<br>Тақырыбы: Көктемгі еңбек<br>**Міндеті:**<br>Балаларды бірлесіп әрекет етуге тәрбиелеу.<br>Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгіме, түсіндіру, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Еңбек туралы сөйлем құрастыру<br>**Ойын: «Бірге жасаймыз»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кезекпен сөйлем қосады: «Көктемде аламдар | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»<br>**Міндеті:**<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетін түсіну.<br>Рөлге еніп ойнау дағдыларын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Сахналау, әңгімелеу<br>**Тапсырмалары:**<br>Диалог құрастыру<br>**Ойын: «Кейіпкер бол»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кейіпкерді өз қалауынша бейнелейді. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>1–10 сандары туралы білімдерін кеңейту.<br>Санау кезінде реттілікті сақтау.<br>Есте сақтау, зейін қабілеттерін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Қайталау, жаттығу, көрнекілік, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>10-ға дейін тура және кері санау<br>Сандарды ретімен орналастыру<br>**Ойын: «Санап шық»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар заттарды санап, дұрыс санды атайды.<br>Содан кейін кері санау | **Қазақ тілі**<br>**«Гүлдер әлемі»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Теңеу қолдан және түсіндір»<br>Балалар «гүлдей әдемі», «гүлдей жайнаған» сөз тіркестерін қолданып сөйлем құрайды:<br>«Бақ гүлдей жайнап тұр, себебі онда түрлі-түсті гүлдер көп».<br>Балалар теңеудің мағынасын түсіндіріп, өз ойымен байланыстырады.<br>Ойын 2: «Пікір білдіру және дәлелдеу»<br>Балаларға сұрақ қойылады: «Қай гүл саған ұнайды?»<br>Балалар толық жауап береді: «Маған раушан гүлі ұнайды, себебі оның иісі жағымды және түсі әдемі». | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: Қосу (қарапайым)<br>**Міндеті:**<br>Қарапайым қосу амалдарын түсіндіру.<br>Логикалық ойлау мен қорытынды жасау дағдыларын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, тәжірибе, көрнекілік, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Заттарды қосу<br>Нәтижесін айту<br>**Ойын: «Қосып көр»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға 2 алма және тағы 1 алма беріледі.<br>Балалар барлығын санап, нәтижесін айтады (3). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бақша егеді»<br>«Олар бірге жұмыс істейді»<br>Бір-бірін тыңдау дағдылары қалыптасады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: Буынға бөлу<br>**Міндеті:**<br>Сөздерді буынға дұрыс бөлуге үйрету.<br>Сөйлеу дағдыларын дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, жаттығу, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Сөзді буынға бөлу<br>**Ойын: «Қанша буын?»**<br>**Ойын барысы:**<br>«А-на», «ба-ла» сөздері айтылып, балалар буынға бөледі.<br>Қол шапалақтау арқылы бекітіледі.<br><br>**Дене Тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға жан-жаққа көтеру көктемгі күнге созылу Қолды белге қою дұрыс дене қалпын сақтау<br>Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын | **Сауат ашу**<br>Тақырыбы: Жазу бағыты<br>**Міндеті:**<br>Жазуды солдан оңға қарай жүргізуге үйрету.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, түсіндіру, жаттығу<br>**Тапсырмалары:**<br>Бағыт бойынша жүргізу<br>**Ойын: «Қай бағыт?»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар дұрыс бағытты көрсетіп, сызықтарды солдан оңға жүргізеді.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды жоғары көтеру көктемгі күнге созылу<br>Қолды сермеу желдің қозғалысын бейнелеу Саусақ жаттығулары жаңбыр тамшыларын көрсету<br>Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл<br>**Негізгі қимылдар**<br>Гимнастикалық скамейка бойымен жүру көпірден өткен сияқты тепе-теңдікті сақтау Доптардан аттап өту шалшықтарды айналып өткендей қозғалу<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыкамен жүру көктемгі серуенді бейнелеу Қимылды ырғаққа сай орындау<br>**Спорттық ойын элементтері**<br>Бадминтон воланды бағыттап соғу дәлдік пенептілікті дамыту<br>**Қимылды ойындар:** | тапсырмасы беріледі.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: Көгөністерді бояу<br>**Міндеті:**<br>Суретті шетке шығармай бояуға үйрету.<br>Түстерді дұрыс таңдауға дағдыландыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрсету, практикалық жұмыс<br>**Тапсырмалары:**<br>Көгөністерді бояу<br>**Ойын: «Дұрыс боя»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар сәбіз, қияр суреттерін ұқыпты бояйды.<br>Тәрбиеші түстерді дұрыс қолдануға бағыт береді.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Толық кешен көктемгі қимылдарды қамту Дене қыздыру және қозғалысқа дайындалу<br>**Негізгі қимылдар**<br>Жүгіру жылдам және баяу көктемгі алаңда қозғалысты реттеу Шашырап жүгіру еркін бағытта қозғалу Шапшаңдық пен төзімділікті дамыту<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыкамен жүгіру көктемгі көңілді әуенмен қозғалу Қимылды ырғаққа сәйкестендіру<br>**Спорттық ойын элементтері**<br>Воланмен жаттығу оны дәл бағыттап лақтыру және соғу | Балалар өз пікірін дәлелдеп айтуға жаттығады.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Дыбыстарды анық айту»<br>Балалар ә, ө, ү, ң дыбыстары бар сөздерді дұрыс айтуға жаттығады: әдемі, өсімдік, гүл, жаңғақ.<br>Сөздерді буынға бөліп айту ұсынылады.<br>Ойын 2: «Тыныс және дикция жаттығулары»<br>Балалар сөйлемді анық айтуға жаттығады:<br>«Әдемі гүлдер бақта жайқалып өсіп тұр».<br>Сөйлемді баяу, орташа қарқынмен айту арқылы дикция дамытылады.<br><br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Жұмбақ шешу»<br>«Хош иісті, әлемі, бақта өседі» – гүл.<br>Балалар жауапты толық айтып, сипаттайды.<br>Ойын 2: «Жаңылтпаш және тақпақ айту»<br>Балалар жаңылтпашты анық айтып, гүл туралы тақпақты мәнерлеп жаттайды.<br><br>**Грамматикалық құрылым**<br>Ойын 1: «Септеу»<br>Балалар «гүл» сөзін септейді: гүл, гүлдің, гүлге, гүлді, гүлде, гүлден.<br>Ойын 2: «Сөйлем түрлерін қолдану»<br>Хабарлы: Гүл бақта өседі.<br>Сұраулы: Гүл қайда өседі?<br>Лепті: Қандай әдемі гүл!<br><br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Сипаттау»<br>Балалар гүлді зат, сын, сан есімдер арқылы сипаттайды:<br>«Бақта көптеген әдемі қызыл гүлдер өсіп тұр».<br>Ойын 2: «Әңгіме құрастыру» | **Қазақ тілі**<br>**«Гүлдің адам өміріндегі маңызы»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Айтыс элементі»<br>Балалар екі топқа бөлініп, гүлдің пайдасын кезекпен айтады:<br>«Гүл үйді әдемі етеді» –<br>«Гүл ауа тазартуға көмектеседі».<br>Ойын 2: «Пікір білдіру және дәлелдеу»<br>Балалар:<br>«Гүлдер адамдарға қуаныш сыйлайды, себебі олар әдемі және хош иісті» деп толық жауап береді.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**<br>Ойын 1: «Дыбыстарды дұрыс айту»<br>Балалар ә, ү, ө дыбыстары бар сөздерді анық айтуға жаттығады.<br>Ойын 2: «Тыныс және мәнерлеп сөйлеу»<br>Балалар сөйлемдерді әртүрлі көңіл күймен айтады.<br><br>**Сөздік қор**<br>Ойын 1: «Тақпақ жаттау»<br>Балалар гүл туралы тақпақты мәнерлеп айтады.<br>Ойын 2: «Жаңылтпаш айту»<br>Балалар жаңылтпашты анық айтуға жаттығады.<br><br>**Грамматикалық құрылым**<br>Ойын 1: «Тәуелдеу»<br>Гүл – гүлім – гүлің – гүлі – |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнелеу Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл Аяқты кезекпен көтеру жеңіл көктемгі қадам жасау<br>**Негізгі қимылдар**<br>Кегльдердің арасымен жүру көктемгі соқпақпен жүргендей Жіптерден аттап жүру шалшықтарды айналып өткен сияқты Тепе-теңдікті сақтап қозғалу<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Адымдап жүру көктемгі серуенді бейнелеу Музыка ырғағына сай қозғалу<br>**Спорттық ойын элементтері**<br>Воланды бағыттау дәлдік пенептілікті дамыту Қимылды бақылап орындау<br>**Қимылды ойындар: «Кедергілер жолы»**<br>Балалар әртүрлі кедергілерден өтеді аттайды айналып жүреді еңбектейді Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырыладыЕптілік пен шапшаңдық дамиды<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тақырыбы: Құстар (жыл құстары, | **«Аттап өт»**<br>Балалар белгі бойынша кедергілерден аттап өтеді Көктемгі ойын ретінде ұйымдастырылады Шапшаңдық пен ептілік дамиды<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Сурет салу Құрастыру**<br>Шығармашылық іс-әрекет<br>Тақырыбы: Оюлы киімдер<br>**Міндеті:**<br>Ою-өрнектерді қолдана отырып, киімдерді безендіру.<br>Кейіпкердің бөлшектерін мүсіндеу.<br>Сюжеттік жапсыру жасау.<br>Қағаздан көлемді пішін құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Түсіндіру, көрсету, шығармашылық жұмыс<br>**Тапсырмалары:**<br>Киімге ою салу<br>Адам бейнесін мүсіндеу<br>Жапсыру арқылы композиция құрастыру<br>Қағаздан бұйым жасау<br>**Ойын: «Киімді әшекейле»**<br>Балалар өз қиялымен киімді безендіреді. | Ептілік пен дәлдікті дамыту<br>**Қимылды ойындар: «Қуып жет»**<br>Балалар бір-бірін қуып жетуге тырысады Көктемгі белсенді ойын ретінде ұйымдастырылады<br>Шапшаңдық пен ептілік дамиды<br><br>**Тіл дамыту**<br>Тақырыбы: Көктемгі гүлдер<br>**Міндеті:**<br>Сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>Шығармашылық сөйлеуді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Көрнекілік, сипаттау, сұрақ-жауап<br>**Тапсырмалары:**<br>Гүлдерді сипаттау<br>**Ойын: «Сипатта»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар гүлді сипаттайды: «Гүл әлемі», «Гүл өте нәзік», «Гүл тез өседі»<br>Толық сөйлем құрастыруға бағыт беріледі. | Балалар 5–6 сөйлемнен тұратын толық әңгіме құрайды.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: «Жеті лақ» ертегісі<br>**Міндеті:**<br>Образды сезіну, эмоциямен жеткізу.<br>Шығармашылық сөйлеуді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Оқу, талдау, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Кейіпкерлерді сипаттау<br>**Ойын: «Дауысын тап»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар қасқыр мен лақтардың дауысын салады.<br><br>**Математика негіздері**<br>Тақырыбы: Азайту (қарапайым)<br>**Міндеті:**<br>Азайту әрекетін түсіндіру.<br>Себеп-салдарлық байланысты анықтау (азайғанда не өзгереді).<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Талдау, тәжірибе, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Заттарды азайту<br>Нәтижесін анықтау<br>**Ойын: «Қанша қалды?»**<br>**Ойын барысы:**<br>5 текшенің 2-еуі алынады.<br>Балалар қанша қалғанын санап айтады.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Домбыра және қобыз күйлерін салыстыру.<br>Тембрін ажыратады.<br>Музыкаға зейін қояды.<br>Аспаптардың дыбыстық ерекшеліктерін салыстырады. | гүліміз.<br>Ойын 2: «Жайылма сөйлем құра»<br>Балалар толық сөйлем құрайды:<br>«Әдемі гүлдер бақта жайқалып өсіп, адамдарға қуаныш сыйлайды».<br><br>**Байланыстырып сөйлеу**<br>Ойын 1: «Әңгіме құрастыру»<br>Балалар гүлдің пайдасы туралы 6 сөйлемнен тұратын әңгіме айтады.<br>Ойын 2: «Диалог»<br>Балалар еркін сөйлеседі.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>Тақырыбы: Құстарға қамқорлық<br>**Міндеті:**<br>Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Экологиялық мәдениет қалыптастыру.<br>Себеп-салдарлық байланыстарды түсіну (неге көмектесу керек).<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгіме, талдау, сұрақ-жауап, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Қамқорлық түрлерін атау<br>Пайдаларын айту<br>**Ойын: «Қалай көмектесеміз?»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар:<br>«Қыста жем береміз», «Ұя жасаймыз»<br>деп жауап береді және неге олай істеу керек екенін түсіндіреді. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кыстайтын құстар)<br>**Міндеті:**<br>Жыл құстары мен кыстайтын құстарды ажыратуға үйрету.<br>Құстардың пайдасы туралы түсінік калыптастыру.<br>Зейін, есте сақтау, бақылау қабілеттерін дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелесу, бақылау, салыстыру, ойын<br>**Тапсырмалары:**<br>Құстарды топтастыру<br>Ұқсастықтары мен айырмашылығын айту<br>**Ойын: «Қай құс қайда?»**<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар құстарды екі топқа бөледі:<br>жыл құстары (көктемде келеді),<br>кыстайтын құстар (қыста қалады).<br>Жауаптарын түсіндіреді. | | | | | Күйдің сипатын (мұңды, шапшаң, баяу) анықтайды.<br>Музыкалық талғамы калыптасады.<br>Музыка арқылы өз әсерін білдіреді.<br>**Ән айту**<br>Әнді дұрыс, мәнерлі орындау.<br>Әуенге сәйкес таза айтуға дағдыланады.<br>Дауыс ырғағын сақтайды.<br>Сөздерді анық және түсінікті айтуға тырысады.<br>Топпен және жеке ән айтуға қатысады.<br>Әннің мазмұнын жеткізуге тырысады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Музыка ырғағына сай қозғалу.<br>Қимылдарды өзгерту.<br>Музыка сипатына қарай қозғалысын бейімдейді.<br>Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Музыканың өзгерісін қимыл арқылы көрсетеді.<br>**Билер**<br>«Қаражорға» биін жалғастыру.<br>Музыка ырғағына сәйкес қозғалу.<br>Қимылдарды үйлесімді орындауға тырысады.<br>Ұлттық би элементтерін жетілдіреді.<br>**Би шығармашылығы**<br>Өз қимылдарын қосу.<br>Музыкаға сәйкес жаңа қозғалыстар ойлап табады.<br>Шығармашылық белсенділік танытады.<br>Қимыл арқылы өз ойын еркін жеткізеді.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Ксилофонда қарапайым әуен ойнау.<br>Ырғақты сақтауға тырысады.<br>Дыбыс биіктігін ажыратады. | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау**<br>Күйді тыңдап, композиторын ажыратуға тырысады.<br>Музыкаға зейін қояды.<br>Күйдің сипатын (көңілді, мұңды, шапшаң) анықтайды.<br>Таныс күйлерді еске түсіреді.<br>Композитор шығармашылығына қызығушылық танытады.<br>Музыка арқылы өз әсерін білдіреді.<br>**Ән айту**<br>Әнді музыкалық талғаммен айту.<br>Әуенге сәйкес мәнерлеп орындауға тырысады.<br>Дауыс ырғағын сақтайды.<br>Сөздерді анық және түсінікті айтуға дағдыланады.<br>Топпен және жеке ән айтуға қатысады.<br>Әннің мазмұнын жеткізеді.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**<br>Қимылды музыкаға сай өзгерту.<br>Музыка ырғағына сәйкес қозғалу.<br>Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Музыканың өзгерісін қимыл арқылы көрсетеді.<br>Қимыл арқылы музыканың сипатын бейнелейді.<br>**Билер**<br>Би элементтерін еркін орындау.<br>Музыка ырғағына сай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Аспапты дұрыс қолдануға дағдыланады.<br>Музыка ырғағына сәйкес ойнайды.<br>Топпен бірге ойнауға катысады | қозғалу.<br>Қимылдарды үйлесімді орындауға тырысады.<br>Қарапайым және күрделірек би элементтерін біріктіреді. **Би шығармашылығы**<br>Сахналау элементтерін қосу.<br>Музыкаға сәйкес бейнелі қимылдар ойлап табады.<br>Шығармашылық белсенділік танытады.<br>Қимыл арқылы өз ойын еркін жеткізеді<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Бубенмен ырғақ қайталау.<br>Ырғақты дәл сақтауға тырысады.<br>Қатты және ақырын дыбысты ажыратады.<br>Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады.<br>Музыка ырғағына сәйкес ойнайды.<br>Топпен бірге ойнауға қатысады. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құ** | | | | |
| **Серуен** | **Сәуірайына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,<br>сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Тіл ұстарту.<br><br>Та-та та- айла толы табиғат<br>Аш-аш-аш-мынауузынағаш.<br>Ас-ас-ас мынауконыртас<br>У-у-у сылдырлайды су. | «Қай жерде тіршілік етеді? Суреттен жануарлардың тіршілік ететін аймағын айта алады. | «Жабайын жануарларды ажырат»<br>Үй құстары, дала құстарын біледі және топтастыра алады. | Жануарларға қалай көмектесеміз?»<br>Жануарлар туралы білімдерін кеңейтеді, білімдерін жетілдіреді. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамытады. Жануарларға қамқорлықпен карауды үйренеді<br>**Вариативтік компонент**<br>"Хореография"<br>Маман жоспарымен. | «Орман және дала жануарлары»<br>суреттерден орманда және далада тіршілік ететін жануарларды табады, оглар туралы әңгімелейді. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Ненің ізі?»<br>**Мақсаты:** Берілген аңдардың іздерін таба алады.<br>*(Қоршаған әлеммен таныстыру)* | :«Жабайы жануарлар»<br>**Мақсаты:** Жұмарлау, жырту, умаждалған, жыртыған құрастыру.<br>*(Қоршаған әлеммен таныстыру* | Дала жануарлары мен үй жануарларын ажырат ».<br>**Мақсаты:** Балалар дала құстары мен үй құстарының айырмашылықтарын ажырата алады. *(Қоршаған әлеммен таныстыру* | «Кім біледі?»<br>Мақсаты: Табиғаттың тылсым дүниелерімен танысады, жабайы жануарлар атауларын ажырата біледі. *(Қоршаған әлеммен таныстыру* | :*«Жол картасын бейнеле»*<br>**Мақсаты:***Берілген заттарды өз бағытына қоя білу дағдысын қалыптастырады..*<br>*(Күн, гүл, тас, құс,су, шөп, бұлт)*<br>*(Қоршаған әлеммен таныстыру* |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Қорғаушы»<br>**Шарты:** Бір бала допты қорғайды, | «Тепе-теңдік сақта»<br>**Шарты:** Тар жолақпен жүріп өтіп, соңында секіріп | «Жалаушаны жеткіз»<br>**Шарты:** Эстафета арқылы жалаушаны келесі ойыншыға | «Допты қағып ал»<br>**Шарты:** Жұптасып, допты бір-біріне лақтырып, қағып алады. | «Түсті тап»<br>**Шарты:** Педагог атаған түсті белгіні тез тауып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқалары алып кетуге тырысады | түседі. | береді. | | барады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |